

2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 30 қарашадағы № 426-V ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. 2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 7 648 362 885 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 3 918 018 771 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 272 651 673 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 9 504 814 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 3 448 187 627 мың теңге;
- 2) шығындар – 8 045 742 230 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 223 163 225 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 315 031 873 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 91 868 648 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 282 143 545 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 285 913 545 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 3 770 000 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -902 686 115 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 2,0 пайызы;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 902 686 115 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 40 069 888 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 7 325 376 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2016 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемдері 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

- 1) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының " Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын

пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ бұрын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

3) "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отыны" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен және дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек.

5-бап. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының көрсетілген қорға аударымдардың есепке жатқызылған сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден және республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемдері 213 852 809 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 73 202 568 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 25 712 825 мың теңге;

Алматы қаласынан – 97 684 008 мың теңге;

Астана қаласынан – 17 253 408 мың теңге.

7-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстарының облыстық бюджеттерінен облыстардың ішкі істер департаменттерінің оқу орталықтарын күтіп-ұстауға арналған шығыстарды республикалық бюджетке беруге байланысты 424 637 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

8-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінен жан басына шаққандағы қаржыландыруды ендіру бойынша сынақтан өткізу үшін

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 1 – 11-сыныптар үшін білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 914 330 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 05.03.2016 № 470-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 2 479 726 312 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған мақсаттарға нысаналы трансферт 752 848 832 мың теңге сомасында көзделсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансфертті бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 22 859 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 11 965 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 25 824 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 121 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 22 859 теңге болып белгіленсін.

12-бап. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеу, сондай-ақ оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеу белгіленсін.

13-бап. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

13-1-бап. Қарыз алушы қайтыс болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайларда мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша Қазақстан

Республикасы Үкіметінің талаптары 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылады деп белгіленсін.

Ескерту. Заң 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

14-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдері 836 882 948 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақмола облысына – 52 707 119 мың теңге;
- Ақтөбе облысына – 8 621 042 мың теңге;
- Алматы облысына – 91 087 781 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 80 124 382 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 94 008 044 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 37 001 397 мың теңге;
- Қарағанды облысына – 16 132 736 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 80 719 104 мың теңге;
- Қостанай облысына – 55 912 375 мың теңге;
- Павлодар облысына – 7 278 411 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 57 470 936 мың теңге;
- Оңтүстік Қазақстан облысына – 255 819 621 мың теңге.

15-бап. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

- 1) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің медициналық ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;
- 3) "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге;
- 4) аудандық маңызы бар және селоның денсаулық сақтау субъектілерінің халыққа медициналық көмек көрсетуіне және амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге;
- 5) онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге;
- 6) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге;
- 7) дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 8) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;
- 9) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

10) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

11) өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға 2016 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және оларды пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-1-бап. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне :

1) дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығулар жүргізуге;

2) ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерін оқытуға;

3) жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға;

4) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнімдер өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға;

5) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға;

6) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

7) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;

8) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;

9) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

10) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

11) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға;

12) әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысының деңгейін арттыруға;

13) экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге;

14) жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеуді қамтамасыз етуге;

15) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

16) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

17) цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға;

18) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға;

19) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

20) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сондай-ақ оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

21) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

22) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

23) елді мекендерді шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге;

24) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын штат санын ұстауға;

25) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

26) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға;

27) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға;

28) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға 2016 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. Заң 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

16-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте жалға берілетін тұрғын үй құрылысы үшін 30 жыл мерзімге "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын бюджеттік кредиттеу тетігі арқылы кейіннен 19 092 292 мың теңге бере отырып, 2016 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімге жергілікті атқарушы органдарды бюджеттік кредиттеу тетігі арқылы бұрын басталған кредиттік тұрғын үй жобаларын аяқтауға "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы үшін 19 092 292 мың теңге сомасында 2015 жылы бөлінген бюджеттік кредиттерді қайтару көзделсін.

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамын бюджеттік кредиттеу қаражатын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

16-1-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің шығыстары шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдар бойынша өтемақы төлеуге "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына аудару үшін 18 733 601 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделсін.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 05.03.2016 № 470-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 07.10.2016 № 15-VI (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Мынадай:

1) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беру;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру;

3) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау бағыттары бойынша іске асырылатын Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

18-бап. Облыстық бюджеттерге моноқалаларда, шағын қалалар мен селолық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2016 жылға кредиттер сомаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

19-бап. Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыруға арналған қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

20-бап. Алып тасталды - ҚР 05.03.2016 № 470-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-1-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық меншіктегі объектілерді жекешелендіруден республикалық бюджетке түскен кірістер есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын толықтыру үшін 1 537 777 мың теңге сомасында шығыстар көзделсін.

Ескерту. Заң 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 05.03.2016 № 470-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылға арналған резерві 240 162 589 мың теңге сомасында, оның ішінде арнайы резерв 87 300 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 9 054 814 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 8 975 732 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

23-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 622 318 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

24-бап. 2016 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 1 500 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25-бап. 2016 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 9 570 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

26-бап. 2016 жылы мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 107 616 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

27-бап. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 1 369 497 307 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 05.03.2016 № 470-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

28-бап. 2016 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2016 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

29-бап. Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ

"2016 – 2018 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасының
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 426-V ҚРЗ Заңына
1-қосымша

2016 жылға арналған республикалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 07.10.2016 № 15-VI Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
1	Сыныбы	2	3
	Ішкі сыныбы		
		I. Кірістер	7 648 362 885
1		<i>Салықтық түсімдер</i>	<i>3 918 018 771</i>
1		Табыс салығы	1 294 242 600
	<i>1</i>	<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	<i>1 294 242 600</i>
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 721 465 419
	<i>1</i>	<i>Қосылған құн салығы</i>	<i>1 445 159 600</i>
	<i>2</i>	<i>Акциздер</i>	<i>67 554 685</i>
	<i>3</i>	<i>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	<i>194 274 232</i>
	<i>4</i>	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	<i>4 285 122</i>
	<i>5</i>	<i>Ойын бизнесіне салық</i>	<i>10 191 780</i>
6		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	883 251 320
	<i>1</i>	<i>Кеден төлемдері</i>	<i>863 887 812</i>
	<i>2</i>	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар</i>	<i>19 363 508</i>
8		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	19 059 432
	<i>1</i>	<i>Мемлекеттік баж</i>	<i>19 059 432</i>
2		<i>Салықтық емес түсімдер</i>	<i>272 651 673</i>
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	91 630 380
	<i>1</i>	<i>Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері</i>	<i>18 150 000</i>

	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	13 000 000
	4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	3 007 042
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	48 686 463
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	500 000
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 118 257
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	6 168 618
2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 619 365
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 619 365
3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	231 154
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	231 154
4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15 443 119
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15 443 119
	5	Гранттар	1 859 346
	2	Қаржылық көмек	1 859 346
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	160 868 309
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	160 868 309
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 504 814
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	450 000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	450 000
	2	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	9 054 814
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	9 054 814
4		Трансферттердің түсімдері	3 448 187 627

1		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	215 612 483
	1	<i>Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттер</i>	215 612 483
4		Ұлттық қордан трансферттер	3 232 575 144
	1	<i>Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер</i>	3 232 575 144
Функционалдык топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Әкімші		
	Бағдарлама		
1		2	3
		II. Шығындар	8 045 742 230
1		<i>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</i>	418 664 710
101		Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	6 552 593
	001	<i>Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	4 868 208
	002	<i>Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	166 921
	003	<i>Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер</i>	290 753
	008	<i>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	673 646
	009	<i>Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	523 927
	011	<i>Қазақстан Республикасында әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту</i>	29 138
102		Қазақстан Республикасы Парламентінің Шығарушылық басқармасы	11 391 120
	001	<i>Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	11 391 120
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 395 707
	001	<i>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	2 299 960
	002	<i>Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұйымдастыру жөніндегі қызметтер</i>	95 747
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	81 569
	001	<i>Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер</i>	81 569
107		Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	171 774

	001	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	171 774
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	60 305 973
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	60 305 973
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	71 315 599
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	3 224 002
	003	Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	290 083
	005	Шетелдік іссапарлар	3 987 779
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	111 221
	010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	46 689 959
	013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	483 250
	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	13 171 232
	019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 358 073
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	71 220 070
	001	Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер	65 703 722
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	32 032
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	20 618
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	4 076 495
	072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	579 467
	094	Мемлекеттік активтерді басқару	807 736
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	32 449 001
	130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	4 953 445
	217	Ғылымды дамыту	27 495 556
239		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	9 217 916

	001	Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	9 217 916
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	2 004 845
	001	Мәдениет, спорт және дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 675 389
	037	Діни қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, діни қызмет саласындағы әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	329 456
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	4 538 645
	001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	4 538 645
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	29 517 917
	001	Стандарттау, метрология, өнеркәсіп, инвестициялар тарту, геология, туристік индустрия, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, ғарыш қызметін үйлестіру және бақылау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	9 992 393
	002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	791 923
	209	Тұрғын-үй құрылыс жинақтары үлестері бойынша төлем ақы төлеу	18 733 601
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	67 698 609
	001	Экономика, сауда саясатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы саясатты қалыптастыру және дамыту, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	28 792 854
	004	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	13 362 692
	006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	3 965 077
	007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	118 800
	015	Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту	1 769 287
	057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	471 204
	070	Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасында ынтымақтастықты нығайту жөніндегі Елдік бағдарламаны іске асыру	469 866
		Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының	

	073	орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	16 966 445
	081	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	1 782 384
244		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі	4 375 423
	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру	3 385 145
	008	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және қызметтік этика, меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында мемлекеттік қызмет реформасын қолдау	755 725
	012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	234 553
406		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 447 253
	001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 305 463
	007	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру	141 790
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі	355 051
	001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	355 051
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	7 538 441
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	553 141
	002	Сайлау өткізу	6 985 300
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	36 087 204
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35 817 204
	009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жанарту	270 000
2		Қорғаныс	452 993 319
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	43 783 804
	060	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	43 783 804
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	409 209 515
	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	2 072 614
	047	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	407 136 901
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	454 903 450
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	830 363

	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	830 363
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	149 431 980
	015	Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету	16 200 226
	076	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	87 671 156
	077	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	36 193 134
	078	Ішкі істер органдарының жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асыру	9 367 464
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	1 718 513
	096	Жедел - іздістіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру	1 718 513
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	38 155 921
	001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	13 646 742
	002	Сот сараптамаларын жүргізу	2 481 922
	005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 463 628
	006	Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама	55 182
	009	Құқықтық насихат	425 468
	047	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот немесе төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларына заңгерлік сараптама	15 189 300
	050	Қазақстанда құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және БҰҰ әмбебап кезеңдік шолу ұсынымдарын тиімді іске асыру	20 739
	055	Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қызметін қамтамасыз ету	332 112
	059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	1 189 653
	062	Сот-медицина, сот-наркологиалық, сот-психиатриялық сараптамалар бойынша қызметтер	3 351 175
244		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі	11 708 897
	014	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	11 708 897
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	162 305 532
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	159 793 337

	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	2 512 195
411		Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі	11 099 641
	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	11 099 641
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	30 262 392
	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	30 253 212
	015	Қазақстан Республикасында сот мониторингі жүйесін жетілдіру	9 180
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	25 735 293
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	22 706 472
	009	Қылмыстық процестерге қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету	40 000
	014	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау	2 987 027
	015	Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	1 794
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	23 654 918
	001	Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	18 261 872
	002	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	5 393 046
4		Білім беру	530 898 429
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	858 324
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-на нысаналы салым	858 324
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	12 311 122
	079	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	12 311 122
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	9 720 204
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	1 012 918
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	8 155 006
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	552 280
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	10 132
	060	Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	10 132
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	455 781 789

001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	4 353 980
060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-на нысаналы салым	17 920 819
092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-на нысаналы салым	60 217 884
098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	100 045 176
099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	98 241 765
203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	19 095 569
204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	149 403 583
221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	194 271
222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	4 766 762
223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	235 546
224	Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	1 306 434
239	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	32 891 753
003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	613 765
004	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі медициналық білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	545 829
005	Денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 085 621
006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	30 153 682
007	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	492 856
240	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	15 178 918
005	Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	1 191 439
006	Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 506 774
007	Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	8 592
038	Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	3 012 892

	039	Спорт саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	675 493
	040	Спорт саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	7 828
	041	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	8 775 900
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	45 207
	048	Техникалық реттеу және метрология саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	11 803
	086	Ғарыш саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	33 404
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	321 716
	017	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы, кәсіпкерлік, тұрғын үй шаруашылығы саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	321 716
244		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі	2 155 208
	002	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	376 335
	013	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	1 778 873
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	266 095
	017	Сот кадрларға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	266 095
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	1 168 531
	018	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру	1 168 531
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	189 430
	011	Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	189 430
5		Денсаулық сақтау	790 264 538
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 532 308
	014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	5 532 308
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	4 794 405
	008	Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету	4 794 405
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	544 409
	019	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	544 409
239		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	754 170 441
	013	Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	494 869
	020	Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	13 659 536

	024	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	27 999 364
	052	Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету	599 924 918
	053	Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту	111 942 123
	059	Аурулар диагностикасының және емдеудің жоғары технологиялық әдістерінің әлеуетін арттыру және енгізу	149 631
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	13 562 070
	066	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	143 757
	088	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы іс-шараларды іске асыру	13 418 313
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	11 660 905
	028	Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы медициналық ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	11 660 905
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 895 581 047
	239	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	1 895 581 047
	027	Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу	1 819 246 496
	034	Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	64 451
	044	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру	69 963 757
	048	Әлеуметтік жаңғыртудың басымдықтарына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру	157 410
	056	Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық - талдамалық қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер, жұмыспен қамту саясатын жаңғырту	296 221
	058	Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту	5 852 712
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	157 915 102
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	157 915 102
	063	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	453 883
	085	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру	99 437 045

	086	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру	58 024 174
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	115 902 254
	101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	168 090
	004	Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі қызметтер	168 090
	225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	3 372 313
	040	Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар өткізу	739 081
	219	Ғылыми-тарихи құндылықтарға, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету	2 633 232
	240	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	64 862 919
	017	Ішкі саяси тұрақтылықты, қазақстандық патриотизмді, азаматтық қоғам және мемлекеттік институттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету	498 562
	021	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	331 428
	022	Қолданбалы ғылыми зерттеулер	178 394
	033	Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру	20 687 275
	035	Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау	27 126 325
	036	Жоғары жетістіктер спортын дамыту	16 040 935
	242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	219 114
	088	Ұлттық туристік өнімді қалыптастыру мен оны халықаралық және ішкі нарықта ілгерілету	219 114
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	4 120 018
	067	Алматы қаласының бюджетіне 2017 жылғы Дүниежүзілік қысқы универсиада объектілерін жобалауға және салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 120 018
	245	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	41 798 616
	003	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	41 798 616
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	1 361 184
	006	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	442 966
	015	Щучье-Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту	735 546
	029	Щучинск-Бурабай курорттық аймағының туристік имиджін қалыптастыру	182 672
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	62 771 655
	225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	418 887
	024	Сейсмологиялық ақпарат мониторингі	418 887

	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	47 921 633
	003	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	7 064 563
	009	"Қарағандыкөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің салдарын жою	1 086 156
	036	Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту	4 761 954
	041	Жылу-электр энергетикасын дамыту	35 008 960
	242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	14 431 135
	056	Экономика салаларында энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету	421 176
	089	Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру	14 009 959
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	192 082 615
	212	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	185 009 306
	001	Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару	13 368 258
	233	Табиғи ресурстарды жоспарлау, мониторингтеу, сақтау және тиімді пайдалану жүйесін жетілдіру	51 360
	249	Мал шаруашылығын дамыту үшін және мал шаруашылығы өнімін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге жағдай жасау	54 823 118
	250	Қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру	57 994 023
	253	Өтеусіз негізде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету	1 023 695
	254	Су ресурстарын тиімді басқару	27 662 793
	255	Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді, қайта өңдеуді, өткізуді дамыту үшін жағдай жасау	8 507 185
	256	Орман ресурстары мен жануарлар әлемін сақтау мен дамытуды басқару, қамтамасыз ету	15 638 933
	259	Жер ресурстары туралы ақпаратқа қол жетімділікті арттыру	5 939 941
	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	6 327 571
	034	"Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі тұжырымдаманы және "Жасыл көпір" серіктестік бағдарламасын іске асыру	161 995
	037	Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	310 048
	038	Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту	137 403
	039	Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту	5 718 125
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	745 738

	007	Ормандар мен жануарлар дүниесін күзету, қорғау, өсімін молайту	745 738
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9 504 208
	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	133 200
	040	Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы жергілікті қамтуды дамыту	133 200
	242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	5 797 426
	057	Өнеркәсіп саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1 185 195
	058	Ақпаратты сақтауды қамтамасыз ету	386 724
	090	Өнеркәсіп салаларының дамуына жәрдемдесу және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	4 225 507
	243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	3 573 582
	084	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жетілдіру іс-шараларды іске асыру	3 573 582
12		Көлік және коммуникация	560 015 372
	242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	502 300 847
	003	Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту	327 038 318
	013	Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау	979 061
	015	Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	24 993 267
	016	Астана қаласының бюджетіне "Жаңа көлік жүйесі" жобасын іске асыру үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері	27 122 527
	076	Ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	395 000
	091	Ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	100 639 931

	092	Су көлігін және су инфрақұрылымын ұстау, дамыту	5 444 240
	093	Азаматтық авиацияны және әуе көлігін дамыту	3 529 951
	096	Ғылыми-технологиялық және тәжірибелік-эксперименттік базаны дамыту	1 209 072
	097	Ғарыштық инфрақұрылымның сақталуын қамтамасыз ету және пайдалануды кеңейту	3 219 823
